



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

акватория будут делиться поровну, если морем – то границы на Каспии будут определяться с учетом длины границ на суше. Признание Каспия морем выгодно Казахстану, так как его граница на побережье самая длинная, на казахстанском участке, как принято считать, находится более половины нефтегазовых ресурсов Каспия.

Долгожданного прорыва четвертый саммит в этом вопросе не представил. Все решения, связанные с Каспийским морем, должны приниматься на основе консенсуса всех прикаспийских государств.

Эта встреча фактически определила будущее всего Прикаспийского региона, по сделанным на этом событии заявлениям лидеров стран можно понять, каким они видят это будущее: Выдвинул инициативу Туркменистан о создании Каспийского экономического форума, Казахстан – об образовании Каспийской зоны свободной торговли. Лидеры прикаспийских стран так же намерены ограничить присутствие в решении региональных вопросов внешних сил.

Итогом четвертого каспийского саммита стало принятие и за визирование совместного заявления глав государств "каспийской пятерки", подписаны три соглашения по Каспию – о сотрудничестве в области гидрометеорологии, в сфере предупреждения и ликвидации чрезвычайных ситуаций, о сохранении и рациональном использовании водных биологических ресурсов моря. Следующим местом проведения мероприятий по Каспийскому региону будет Казахстан.

Связанная с Каспийским морем глобализация Казахстана в мировой рынок будет оказывать существенное влияние на экономику страны в целом. В будущем проблема Каспия будет иметь исключительно технический, финансово-экономический характер, связанные не только с проблемой эксплуатации нефтегазовых ресурсов региона, но и современными технологиями переработки [2].

Необходимо решать сложившуюся геостратегическую, экономическую, социальную проблему во благо интересов народов прикаспийского региона.

Развитие Каспийского моря это не только развитие топливно-энергетической промышленности Казахстана и развитие взаимоотношений с остальными странами данного региона, но это так же регион подверженный значительным внешним воздействиям внешних сил, в том числе США, Китая, ЕС. Геополитические интересы к природным ресурсам Каспийского моря у такого большого количества стран на современном этапе создают вызов для национальных интересов Казахстана.

Список использованных источников

1. Чеботарев А. Политика Казахстана в Каспийском регионе. – 2012. - [Электронный ресурс]. - Режим доступа. - <http://www.alternativakz.com/>. - Рус. Яз.
2. Мамадалиев С. Каспий – море будущего. – 2014. - [Электронный ресурс]. - Режим доступа. - <http://old.liter.kz/>. - Рус. Яз.

УДК911(075)

ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГ ЖҮЙЕСІНДЕ

Мәжит Әлия Бауыржанқызы, Кусаинов Қуандық Русланович

Alia_3210@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің География-

21мамандығының студенттері, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші-Ауезова З.Т.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының танымалдық индексі төмен болып келеді. Бұл мемлекетіміздің имиджін төмендетіп, инвестициялық, саяси, әлеуметтік-мәдениеттік бағдарламалардың дамуын тежейді. Біздің мемлекетімізде жұмыс істемекші болып келген

шетелдік инвесторлар мен компаниялар Қазақстан туралы дұрыс емес мәліметтерді қолданып, мемлекетіміздің белгісіз болу қауіп-қатерін арттырады. Сондықтан маркетингтік зерттеулер де нашарлайды. Мемлекетіміз туралы сапалы мәлімет жеткіліксіздігі географ, публицист және тарихшы ғалымдарымыздың танымалдық индексін арттыруға деген төмен белсенділігімен тікелей байланысты.

Әлемдік мемлекеттердің бәсекелестікке қабілетін зерттейтін менеджмент институты (IMD, Швейцария) 2014 жылдың бәсекелестікке барынша қабілетті 60 мемлекеттің нәтижелерін шығарды. Барыншабәсекелестіккеқабілетті 60 мемлекеттің ішінде Қазақстан 32-шіорынды иеленді. Осы рейтинг бойынша Қазақстан Чехия (33-ші орын), Түркия (40-шы орын), Мексика (41-ші орын), Италия (46-шы орын), Оңтүстік Африка (52-ші орын), Бразилия (54-ші орын) сияқты дамыған мемлекеттерді озып шықты. Соның ішінде Ресей (38-ші орын) мен Украинаны (49-шы орын) артта қылдырып, ТМД елдерінің арасында бірінші болды. Қазақстан 2008 жылдан бастап ең беделді әрі танымал болып келген IMD (әлемдік бәсекелестікке барынша қабілетті елдерді салыстыратын рейтинг) мүшесі болып келеді.

Жыл сайын шығарылатын рейтинг 327 көрсеткіштердің кешендік зерттеуінің нәтижесі болып келеді. Маңызды тұрғылары: мемлекеттің экономикалық қызметі, бизнестің және басқару жүйелерінің нәтижелілігі және инфраструктурасы.

«Экономикалық қызмет» факторы бойынша Қазақстан екі позицияға көтеріліп 27-орынға ие болды. Аталған фактор бөлінісінде «Халықаралық сауда» (52-орын, 33 көрсеткішке төмендеу) және «Жұмысбастылық» (19-орын, 4 көрсеткішке төмендеу) субфакторлар бойынша позициялардың төмендеуі байқалады. «Сыртқы инвестициялар» (20-орын, 9 көрсеткішке жақсару), «Ішкі экономика» (28-орын, 9 көрсеткішке жақсару) және «Бағалар» (39-орын, 6 көрсеткішке жақсару) субфакторлары бойынша жақсару байқалады.

«Үкіметтің тиімділігі» факторы бойынша еліміз өз позицияларын 3 көрсеткішке көтеріп 20-орынға ие болды. «Мемлекеттік қаржы» (14-орын, 3 көрсеткішке төмендеу) субфакторы бойынша позициялардың төмендеуі байқалады. Алайда Қазақстан «Фискалды саясат» (9-орын, 3 көрсеткішке жақсару), «Институтционалдық орта» (35-орын, 4 көрсеткішке жақсару), «Бизнес туралы заңнама» (28-орын, 5 көрсеткішке жақсару) және «Қоғамдық құрылым» (25-орын, 2 көрсеткішке жақсару) субфакторлары бойынша жақсаруға жетті.

«Бизнестің тиімділігі» факторы бойынша Қазақстан позицияларының 38-орыннан 33-орынға жақсаруы байқалады. Аталған фактор бойынша орынның өзгеруіне «Өнімділік және тиімділік» (45-орын, 3 көрсеткішке жақсаруы), «Еңбек нарығы» (9-орын, 3 көрсеткішке жақсаруы), «Қаржы» (48-орын, 1 көрсеткішке жақсаруы) және «Менеджмент практикасы» (32-орын, 2 көрсеткішке жақсаруы) субфакторлары бойынша позициялардың жоғарылауы ықпал еткен. Позиция төмендеуі тек «Қарым-қатынастар мен құндылықтар» (28-орын, 1 көрсеткішке төмендеу) «Жемқорлық индексі»126-орын, «Салық төлем индексі» 39-орынсубфакторы бойынша байқалады.

«Инфрақұрылым» факторы бойынша 1 көрсеткішке - 44-орыннан 45-орынға өзгеру байқалады. Осылай төрт субфактор бойынша жақсару байқалады: «Технологиялық инфрақұрылым» - 32 орын (6 көрсеткішке жақсару), «Базалық инфрақұрылым» - 37-орын (3 көрсеткішке жақсару), «Ғаламторға шығу жылдамдықиндексі» - 53-орын,«Денсаулық сақтау» - 56-орын және «Білім беру және технологиялардың дамуы» - 82-орын.«Doing Business»Бизнеспен банктердің рейтингі – 77-орын, «Global Peace Index»Бейбітшілік индексі – 95-орын, «Legatum Prosperity Index» ұлттық әл-ауқат рейтингі - 47-орын, «The World's Happiest Countries» бақытты мемлекеттер индексі-70-орын, «Көркею индексі» - 55-орын.

Адам дамуы туралы жаһандық баяндама мәліметтеріне қарағанда, 2012 жылы Қазақстан Адам даму индексінің рейтингісінде 69-ыншы орынға тұрақтады. 2011 жылы еліміз 68-інші орында тұрған болатын. Бұның өзі аталмыш көрсеткіштегі Қазақстанның

жоғары деңгейдегі елдер тобына жататынын білдіреді. Ал жалпы баяндамаға келсек, онда аталған рейтингтегі жоғары топқа енетін көптеген елдерде 2000 жылдан бергі кезең үшін Адам даму индексі тұрақты өсіп отырғаны аталып өтіледі. Оның ішінде индексі жоғары топтағы елдер қатарындағы Алжир, Қазақстан, Иран, Венесуэла мен Куба 12 жылдық кезең ішінде индекстің анағұрлым жоғары өсімін қамтамасыз еткен. 1995-2012 жылдар арасында Адам даму индексідегі Қазақстанның көрсеткіші 0,642-ден 0,754-ке дейін ұлғайған.

Ал БҰҰ ДБ сарапшыларының пікірінше, Қазақстанның Адам даму индексі аймақтағы өсімнің ең жоғары қарқынын көрсетіп отыр. Бұл орташа алғанда соңғы 10 жыл ішінде жылдық 1,1 пайыз көрсеткішті құрайды.

Жалпы осы индекс бойынша Орталық Азия елдеріне келсек, Түркіменстан - 102, Өзбекстан - 114, Қырғызстан мен Тәжікстан - 125 орындарда тұр.

Орта Азия елдерінің арасында Қазақстанның жақсы мүмкіндіктері бар, олар ең бірінші, оның экономикасының үдемелі дамуына себепші болған еліміздің мұнай-газдың ресурстарының ықпалы. Әр түрлі тіршілік сфераларының (экономикалық реформалардың аяқталуы, нарықтық институттарының шығарылуы, т.б.) прогрессіне сүйене отырып, Қазақстан аймақтық дамудың қозғалмалы күші болып, бүкіл Орта Азияның модернизациясының дамуына жәрдемдесе алатын еді. Соңғы жылдары, батыс елдерінің жетекші мемлекеттерімен дүниежүзілік ұйымдары да осындай көзқараста. Қарқынды дамып келе жатқан Қазақстан, болашақта көршілес елдеріне жақсы әсер тигізетіндігіне күмәнсіз сенеді.

ТМД мемлекеттерімен интеграциондық қызметтерді ілгері дамыту, сонымен қоса, Қазақстан Республикасының Президентінің 2006 жылдың 1 наурызының жолдауында: «Қазақстан дүниежүзілік және көп ұлттық экономикалық жобаларға міндетті түрде қатысып, өзінің жаһандық экономикасының интеграциясына жәрдемдесіп, басқа мемлекеттерге өзінің тиімді экономикалық-географиялық жағдайымен, ресурстарымен ықпал етуі қажет», - деп жарияланған.

ТМД-ның құрылуы – жаңа шарттардағы егеменді мемлекеттердің одағы және біртұтас экономикалық кеңістіктегі Қазақстанның жаңа одақ құруға әрекет болды.

Негізінен ТМД бір маңызды есепті орындай алды, ол: бірлік одағында болған мемлекеттерді қиындықсыз жеке тәуелсіз мемлекеттер қатарына қосылуын қамтамасыз етуі. Мысалы, Қазақстан Республикасы көптеген интеграциондық іс-шаралардың бастаушысы әрі қатысушысы болып келеді. Қазақстан Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының (ШЫҰ), Азиядағы сенім деңгей мәжілісінің одағының, Ресей, Қазақстан және Белорусияның кеден одағының, ОБСЕ және тағы да басқа одақтардың мүшесі болып келеді.

Мемлекет егемендік алуымен бірге жеке сыртқы саясатты жүргізу мен жасау қажеттілігіне тап болды. Қазақстанның сыртқы саясаты концепциясы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1992 жылдың мамыр айында басылып шыққан «Қазақстанның егеменді ел ретінде дамуы мен қалыптасу стратегиясымен» анықталған болатын. Сыртқа саясаттың негізгі мақсаты саяси және экономикалық реформалар негізінде еліміздің қалыпты дамуы үшін қолдау мен жағымды сыртқы ортаны қалыптастыру көрсетілген.

Ұлттық қауіпсіздік жүйені, яғни сыртқы саясатты құру үстінде, Қазақстанның өзінің геосаяси және экономикалық жағдайы ерекшеліктеріне сүйену керек еді. Қазақстан Батыс және Шығысты қосатын транспорт және коммуникациялық желілері қиылысатын Азия мен Еуропа арасында орналасқан. Экспорттың негізгі бөлімін металдар, мұнай, бидай, жүн сияқты шикізатар құрайды. Қазақстан өзінің жағдайын ескере отырып, дүниежүзілік аренада көп векторлы саясатты жүргізеді. Оның негізгі мағынасы барлық жақын және алыс шетелдер өзара тиімді бірлестіктерді дамыту мен қалыптастыруда. Сыртқы саясаттың стратегиялық мақсаты мемлекет шекарасының қолтигізбеушілігімен аумақтық бірыңғайлығын және егемендік ұстамдарды басшылыққа алу болып табылады.

Қазақстанның дүниежүзілік қатынастардығы орны мен рөлі оның географиялық және саяси геэкономикалық жағдайы және мүмкіндіктері анықталады. Ең бастысы – бұл Қазақстанның Еуропа мен Азияны қосатын аумақта орналасуы. Еліміздің жақын көршілес

елдері Ресей, Қытай, Орта Азия Ислам елдері. Қазақстан аумағы арқылы ертеде әйгілі Жібек Жолы өтіп жатты. Осыған байланысты дүниежүзінің көптеген елдері Қазақстанмен жан-жақты қатынастарды салу мен дамытуға құштарлық көрсетеді. Басты қызығушылық – бұл табиғи байлықтар мен табиғи қазбалардың орасан зор қорлары.

Дүниежүзілік қауымдастықтың Қазақстандағы ХХІ ғасырдағы қуат көздерінің негізінде санайды. Қазақстан дүниежүзінде мұнай, газ, көмір және уран кені қорлары бойынша алдыңғы орында алады. Оған қоса, еліміздің ауыл шаруашылығы экспортқа бидайдың жеткілікті мөлшерін өндіреді. Мемлекет басшысы өзінің негізгі сыртқы саяси іс-әрекеттер бағыттарын анықтау кезінде ең алдымен осы барлық геосаяси факторларды пайдалануға тырысады.

ЭКСПО көрмесі – бұл мәні жағынан бүкіләлемдік экономикалық форумдармен, ал туристік тартымдылығы жағынан әлемнің ең кең танымал спорт жарыстарымен теңдес жаһандық ауқымдағы оқиға. Халықаралық көрмелер өткен 160 жылдан астам уақытта олар негізінен экономикалық

алыптар саналатын – АҚШ, Франция, Германия, Жапония, Бразилия, Канада, Ұлыбритания, Испания, Қытай және басқа елдерде өтті. Енді олардың қатарына Қазақстан да еніп отыр. Біздің осынау жаңа табысымыз біздің бүкіл әлемде құрметті елге айналғанымызды тағы да көрсетіп беріп отыр. Біз үшін Халықаралық көрмелер бюросына мүше 160 мемлекеттің басым көпшілігі дауыс берді. Іс жүзінде Астананы бүкіл әлем тандады! Сондықтан ЭКСПО-2017-ні өткізу – бұл, сонымен бір мезгілде, Қазақстанның бүкіл әлем алдындағы орасан зор жауапкершілігі. Сол үлкен жауапкершілікті сүрінбей атқарсақ, ЭКСПО-2017 көрмесінің біздің еліміздің дамуына қосатын үлесі зор.

Қазақстанның экономикалық, инновациялық тұрғыдан танымалдық индексі мен даму үдерісін арттыруға едәуір үлесін қосатын оқиғаға жатады. Бүкіл елдер өз павильондарын көрме тақырыбы – «Болашақтың энергиясына» сәйкес дайындайды. Өткеннің тәжірибесі көрсеткендей, мұндай көрмені өткізу олар өткен қалалар мен елдердің дамуына зор ықпалын тигізді. Еліміз үшін жаңа энергетикалық және «жасыл» технологиялар алуда аса зор мүмкіндік. ЭКСПО-2017-ні дайындау мен өткізу уақытында, сондай-ақ оның нысандарын одан әрі пайдалануда Қазақстанға келіп түсетін миллиардтаған доллар инвестициялар.

Жалпы алғанда, Қазақстанның шағын және орта бизнес әлеуеті әлі де болса толықтай іске асырылмай отыр. Тұтастай алғанда, Қазақстан орнықты дамуға көшуді қамтамасыз ету жөніндегі озық шараларға мұқтаж. Осы уақытқа дейін ресурстарды өндіру мен тұтынуда айтарлықтай теңгерімсіздік сақталуда. Экономика жаңартылатын ресурстар мен энергия көздерінің зор әлеуетін тек шамалы деңгейде ғана пайдаланып отыр. Өндірілетін өнімдердің энергияны қажетсінуі мен өндірістің экологиялық шығындары жоғары. Бизнесінің экологиялық жауапкершілігінің төмен деңгейі мен экологиялық проблемаларды шешу процесіне халық пен әлеуметтің әлсіз қатысулары байқалуда. Халықтың тұрмыс сапасы қазіргі заманғы стандарттардан артта қалуда. Мүлде жоғары әлеуметтік тәуекелдер орын алып отыр, өндірістік, тұрмыстық және жол жарақатының деңгейі де жоғары. Әлеуметтік маңызы бар аурулармен аурушандықтың деңгейі, ана мен бала өлімінің деңгейі жоғары болып отыр. Әлемдік орташа көрсеткіштермен салыстырғанда балаларды мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеумен қамтудың төмен көрсеткіші сақталуда. Осы күнге дейін шағын мектептер саны көп, мектептерде үш ауысымда оқыту сақталып отыр, орта мектептерге арналған сапалы оқулықтардың болмауы жағдайында бірқатар оқу бағдарламаларының жаңартылмауы орын алуда. Сонымен қатар, еңбек нарығы мен халықаралық талаптардың қажеттіліктеріне кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау жүйесінің даму деңгейінің төмендігі де жоқ емес, егде және жасы үлкен адамдарды, оның ішінде зейнеткерлерді қайта оқыту жүйесі іс жүзінде жоқ дерлік. Менеджмент пен бизнес мектептерінің жеткіліксіз деңгейі байқалуда. Анықталған проблемалардың ерекшелігі Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен экспорттық мүмкіндіктерін сапалы жаңа деңгейге жеткізудің мынадай

формуласын анықтайды. Бірінші, Қазақстанның, оның экономикасын және халқының сапалы өсуге ашықтығы мен бейімділігіне ықпал ететін қолайлы орта мен жағдай қалыптасуы тиіс. Екінші, елдің инновациялық және технологиялық сипаттарын жылдам дамыту талап етіледі. Үшінші, Қазақстандық бизнестің Қазақстанның әлемдік нарыққа кіруі мен орнықты қатысуын бекітудің мүмкіндігі мен кепілі ретінде халықаралық талаптарға жауап беретін сипаттары мен сапаларын саналы және мақсатты ие болуының қағидатты мәні бар.

Әлемдік рейтингтер мен индекстерді білу оларды құрайтын көрсеткіштерді басқаруға мүмкіндік береді. Сонымен қоса бір рейтингтің көрсеткіші жақсы жаққа өзгерсе, ол міндетті түрде басқа рейтинг пен индекстердің көрсеткіштеріне өсіру ықпалын тигізеді. Сөйтіп барлығы дерлік көрсеткіштер бір-бірімен тығыз байланыста.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қожахмет М., Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы, Қарағанды 2006: 125-128б;
2. Ярмухамедов М.Ш., Экономическая и социальная география Республики Казахстан, Алматы 1997: 46-50б;
3. Ахмедова К.Б., Экономическая и социальная география Республики Казахстан, Алматы 1996: 10-13б;
4. Родионова И.А., Бунакова Т.М., Экономическая и социальная география мира, Москва 2004: 23б;
5. Бабурин В.Л., Мазуров Ю.Л., Географические основы управления: Курс лекций по экономической и политической географии, Москва 2000: 63б;
6. Рерих Ю.Н., История Средней Азии, Москва 2004: 89-94б;
7. <http://www.inform.kz/kaz/article/2660544>
8. <http://www.zakon.kz/4626057-kazakhstan-zanjal-32-mesto-v-rejtinge.html>
9. <http://www.time.kz/news/economics/2014/05/22/kazakhstan-zanjal-32-mesto-v-rejtinge-globalnoj-konkurentosposobnosti>
10. <http://www.baq.kz/news/20278>
11. <http://strategy2050.kz/news/47>
12. <http://www.zakon.kz/>

УДК 911.2:631.4

ПРОСТРАНСТВЕННОЕ РАСПРЕДЕЛЕНИЕ ТЯЖЕЛЫХ МЕТАЛЛОВ В ПОЧВАХ БАССЕЙНА РЕКИ САРЫСУ

Озгелдинова Жанар Озгелдиновна

ozgeldinova@mail.ru

PhD докторант кафедры физической и экономической географии

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – К.М. Джаналеева

Одной из важнейших причин нарастания негативных процессов в речных бассейнах оказывается деградация почвенного покрова, являющегося узлом геоэкологических связей в водосборном бассейне. Влияние почвенного покрова на сток и другие элементы водного баланса осуществляется через процессы инфильтрации и испарения. Спецификой почвенного покрова региона можно считать широкое распространение полугидроморфных и гидроморфных почв. Их формирование вызвано перераспределением атмосферных осадков в условиях расчлененного мелкопочного рельефа и близким залеганием минерализованных